



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

10 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ШЖҚ КМК "Атырау жоғары медициналық колледжі" ұйымдастырған Денсаулық сақтау министрлігі өкілдері, алыс, жақын шетел медициналық колледждерінің өкілдері, Денсаулық сақтау басқармасы мамандары, жоғары оқу орын өкілдері, медициналық колледждер басшыларының қатысуымен өткен, "Мейіргер ісінің дамуы: мүмкіндіктері, мәселелері, болашағы" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Л.К.Мейрманова, "Емдеу ісі" бөлімінің меңгерушісі С.Г.Бибосынова қатысып Сертификатқа ие болды.



6-10 мамыр Стамбул қаласында өткен ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайтын экономикалық даму және әлеуметтік зерттеулер институты мен Фатих Султан Мехмет Вакиф университетінде өткен студенттерге білім беру қосымшасы мен зерттеу орталығының үздіксіз білім беру, мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған Халықаралық біліктілікті арттыру курсына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің бөлім меңгерушісі Ф.Қ.Жапаркулова және мониторинг бөлімінің меңгерушісі Н.М.Мураталиева "Білім берудегі менеджмент және креативті ойлаудағы әдіс-тәсілдер" тақырыбындағы оқу курсына сәтті аяқтап, Сертификатқа ие болды.



"Қазақстан медициналық колледждер Одағы" заңды тұлғалар бірлестігі. 12 мамыр-Халықаралық мейіргер күніне орай Жамбыл жоғары медициналық колледжінің бөлім меңгерушісі З.С.Ескебекова "Медбикелік істі дамытуға қосқан үлесі үшін" төс белгісімен, оқытушы А.Қ.Баєтова ұлт саулығын қорғауға қосқан елеулі үлесі мен кәсіптік қызметіндегі көрсеткіштері үшін Құрмет Грамотасымен марапатталды.



Кіші футболдан техникалық және кәсіптік, орта білім беру мекемелері арасында ұйымдастырылған, Тараз сервис және технология колледжінің ауыспалы кубогі турнирінде колледждің "Дене шынықтыру" пәнінің оқытушысы Н.Е. Шыныбаев Дипломмен марапатталды.



Денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысының нығаюына қосқан үлесі үшін колледждің кітапхана меңгерушісі Н.Е.Бегалиева Алғыс хатпен, оқытушы С.А.Ахметов Құрмет Грамотасымен марапатталды.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығы» ұйымдастырған жазушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына орай, волейбол спорт түрінен әйелдер арасында техникалық және кәсіптік білім беру оқытушыларының облыстық спартакиадасында колледждің командасы жалпы командалық есепте жүлделі ІІ орын иеленіп, Дипломмен марапатталды.



Мейіргер ісі мамандығының 213 топ студенті Ә.Сауқымов Қырғыз елінің Жалал - Абат қаласында өткен кик - боксингтен азия чемпионатының І орын жеңімпазы атанып, Дипломмен марапатталды. Бөлім меңгерушісі: Айдралиева А.Б. Топ кураторы: Назар Д.Қ.



2023 жыл 18-21 мамыр аралығында Өзбекстан Республикасы Ферғана қаласында өткен Таэквондодан Халықаралық «Евразия ашық жасөспірімдер кубогі» ITF-чемпионатында колледждің «Емдеу ісі» бөлімінің 217 ЕФ9/21 тобының студенті Абибуллаев Мират жүлделі 1-ші орынды иеленіп, Алтын медальмен марапатталды.



Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасы "Жоғары медицина колледжі" ШЖҚ КМК. Флоренс Найтингейл медалінің иегері Рәзия Шәкенқызы

Ысқақованың 100 жылдығына арналған "Медициналық білім беруді жаңарту - халықаралық стандарттарға жол" Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына колледждің "Мейіргер ісі негіздері" пәнінің оқытушысы Н.Н.Сайлаубаева қатысып, Сертификатқа ие болды.

1 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕМОРАНДУМ

Колледж директоры Сарыбекова Ж.Н және Өзбекстан Республикасының Абу Али ибн Сино атындағы техникумы, Зарафшан медициналық колледжі, Абу Али ибн Сина атындағы Пахтачыйск қоғамдық денсаулық сақтау техникумы арасында тиімді ынтымақтастық орнату мақсатында Меморандум жасасты.

2 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Колледжде педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңесте 6 түрлі мәселе қаралды.

3 | ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ

Үйірме жұмыстары бойынша «Жаңа Қазақстан» бағдарламасын іске асыру аясында «Қазақстан Республикасының ерлер денсаулығының қазіргі мәселелері мен өзекті шешімдері» тақырыбында ғылыми шығармашылық конференциясы.

4 | 15 МАМЫР - "ОТБАСЫ"

15-мамыр «Отбасы күні» мерекесіне орай колледжде Спорттық ойын өткізіліп, студенттер кәсіподақ ұйымының атынан сыйлықтар мен ақшалай сертификаттар таратылды.

5 | 12 МАМЫР - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРГЕРЛЕР КҮНІ

Колледждің орта буын медицина қызметкерлерін «12 мамыр-Халықаралық мейіргерлер күнімен» құттықтап, «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағының атынан марапаттар табысталды.

6 | ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

"Ішкі аурулар пропедевтикасы" пәнінің тәжірибелі оқытушысы Б.С.Мадимарова «Оқytудың инновациялық-технологиялық әдіс-тәсілдерін клиникалық пәндерде қолдану» тақырыбында тәжірибе алмасу өткізді.

7 | 31 МАМЫР - САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ

31-мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Өзекті өртер шындық» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.

8 | КЕЗДЕСУ

Бүкіл дүниежүзілік темекісіз күніне орай, "Спорт-темекіге балама" атты кездесу және «Көп мәдениетті және көркем -эстетикалық бағыт» бойынша тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Біз жастарға сенеміз!» тақырыбындағы кездесу.

9 | КОЛЛЕДЖДЕ ӨТКЕН ІС-ШАРАЛАР

«Жыныстық тәрбие. Жынысты жолмен жұғатын аурулар мен АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу» тақырыбында семинар-тренинг және оқытушылар А.А.Айтжанова, И.Ш.Сапарова «Сыбайлас жемқорлықпен күрес-баянды болашақтың кепілі» тақырыбында дәріс өтті.

Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



1 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕМОРАНДУМ



19.05.2023ж. Қазақстан Республикасы Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК, м. а. директоры

Сарыбекова Ж.Н және Өзбекстан Республикасы Абу Али ибн Сино атындағы Хатырчин қоғамдық денсаулық сақтау техникумы директоры У.С.Туракулов, Өзбекстан Республикасының Зарафшан медициналық колледжі директоры Н.Х. Сатторов, Өзбекстан Республикасы Абу Али ибн Сина атындағы Пахтачийск қоғамдық денсаулық сақтау техникумы директоры Э.О.Нурбаев, Жарғы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Тараптар» арасында тиімді ынтымақтастық орнату мақсатында Меморандум жасасты. Осы Меморандум шеңберінде білім сапасын қамтамасыз ету, заманауи еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті мамандар даярлау және бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында Тараптар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады және теңдік, ашықтық, тұтастық қағидаттарында өзара іс-қимыл жасайды.

2 | ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС



16.05.2023 ж. Колледжде педагогикалық кеңес өткізілді. Күн тәртібінде:

1. Жалпы кәсіби пәндер кабинеттерінің жабдықталуы
Жауапты: бөлім меңгерушісі Ү.Е.Дуйсембаева.

2. «Латын тілі» және «Фармакология» пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы.
Жауапты: оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Л.К.Мейрманова.

3. «Мейіргер ісі» мамандығы, біліктілігі «Жалпы тәжірибедегі мейіргер» және «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» бойынша «Пациенттің жағдайын клиникалық бағалау» пәнінің оқытылуы мен білім сапасы.
Жауапты: бөлім меңгерушісі С.Г.Бибосынова.

4. Облыстық көпбейінді балалар ауруханасы базасында тәжірибелік сабақтардың, өндірістік оқытудың, кәсіптік практиканың өту жағдайы мен білім сапасы.
Жауапты: бөлім меңгерушісі З.С.Ескебекова.

5. Патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбиесінің сапасы мен ұйымдастырылуы.
Жауапты: бөлім меңгерушісі Л.Б.Саурбаева.

6. Әр түрлі сұрақтар.

3 | ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ



17.05.2023 ж. Үйірме жұмыстары бойынша «Жаңа Қазақстан» бағдарламасын іске асыру аясында «Қазақстан Республикасының ерлер денсаулығының қазіргі мәселелері мен өзекті шешімдері» тақырыбында ғылыми шығармашылық конференциясы өтті. Пәндер бойынша 19 үйірме қатысты. Үйірме мүшелері дайындаған экспонаттарын, зерттеу жұмыстарын, қолданған әдістерін шеберлікпен мәлімдеме жасап, қорғап шықты. Конференцияға үйірме жетекшілері мен үйірме мүшелері үлкен дайындықпен келіп, зерттеу жобалары өзекті мәселелерді қамтыған. Сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша үздік зерттеу жұмыстары дипломдармен, мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен марапатталды.

I-дәрежелі диплом «Инфекционист» үйірмесі, жетекшісі Б.Б.Блейменова; II-дәрежелі диплом «Адал жандар» үйірмесі, жетекшісі М.К.Глеуова және «Эврика» үйірмесі, жетекшісі Д.Н.Токсанбаева; III-дәрежелі диплом «Скальпель» үйірмесі, жетекшісі А.М.Даулетов, «Алтын құрсақ» үйірмесі, жетекшісі Н.Б.Қалданова және «Жас химик» үйірмесі, жетекшісі А.Б.Султанаева.

4 | 15-МАМЫР "ОТБАСЫ КҮНІ"



15.05.2023 ж. 15-мамыр «Отбасы күні» мерекесіне орай колледжде Спорттық ойын өткізіліп, студенттер кәсіподақ ұйымының атынан сыйлықтар мен ақшалай сертификаттар таратылды. Жарыстың мақсаты: отбасы мүшелерінің денсаулығын, батылдықты нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықты байқау. Спорттық іс-шаралар арқылы жас ұрпақтың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Салауатты өмір салтын насихаттау.

1 Дәрежелі Дипломмен - «Спортики» тобы, 225 топ;
2 Дәрежелі Дипломмен - «Удача» тобы, 233 топ;
3 Дәрежелі Дипломмен - «Бірлік» тобы, 136 топ марапатталды.



15.05.2023ж. күні "15 мамыр - Халықаралық отбасы күні" мерекесіне орай Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өткен "Отбасы - аялы алақан мекені" атты іс-шараға колледждің 103, 106 топ студенттері қатысты. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, журналист, жазушы Күләш Ахметованың өмірі мен отбасы туралы іс-шараға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын-журналист К.Асанов, М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университетінің аға оқытушысы, журналист Б.Мақашев, Жамбыл ауданы Амангелді орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.Байкенова қонақ болды. Жастарға жазушының отбасын үлгі ете отырып, отбасы құндылықтары туралы айтылды.

5 | 12 МАМЫР - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕЙІРГЕРЛЕР КҮНІ



12.05.2023ж. Колледждің орта буын медицина қызметкерлерін «12 мамыр-Халықаралық мейіргерлер күнімен» құттықтап, «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы Жамбыл облыстық филиалының атынан 7 қызметкерге Құрмет грамотасымен, 6 қызметкерге Алғыс хат берілді. Белсенді студенттер концерттік бағдарлама ұйымдастырып, бастауыш кәсіподақ ұйымы атынан сыйлықтар таратылды.



12.05.2023ж. Колледж базасында Дүниежүзілік медбике күніне орай Медбике ісі факультетінің 203 топ студенттерінің қатысуымен кураторлық сағат өткізілді. Кураторлық сағаттың мақсаты: білім алушыларды Халықаралық медбике күніне арналған мерекенің пайда болу тарихымен таныстыру, сондай-ақ медбике ісінің даму тарихы, мейірімділік дәстүрлерінің сабақтастығы арқылы білім алушылардың тандаған кәсібіне құрмет пен мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

6 | ТӘЖІРІБЕ АЛМАСУ



26.05.2023ж. Колледждің №1 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының "Ішкі аурулар пропедевтикасы" пәнінің тәжірибелі оқытушысы Б.С.Мадимарова «Оқытудың инновациялық-технологиялық әдіс-тәсілдерін клиникалық пәндерде қолдану» тақырыбында тәжірибе алмасу өткізді. Тәжірибе алмасу барысында оқытушы жылдар бойы жинаған оқу материалдарымен, шығарған оқулықтарымен бөлісті, болашақ жас мамандарға жеткен жетістіктерін көрсетіп, таныстырды.

7 | 31 МАМЫР-САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ




31.05.2023 ж. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытының 31-мамыр – саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған «Өзекті өртер шындық» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатын топ кураторы А.С.Байбосынова және «Емдеу ісі» бөлімінің 217 ЕФ-9/21, 218 ЕФ-9/21 топ студенттері ұйымдастырды. Тәрбие сағатының мақсаты: қасіретті кезеңде саясаттың құрбаны болған азаттық жолында адал қызмет еткен қазақ халқының зиялыларын ұмытпауға, кейінгі ұрпаққа ұлықтауға, ерліктерін құрметтеуге халық жадында мәңгі сақтауға, жастарды ұлтжандылыққа, өз ұлтының тарихын сүйуге, қорғауға, болашаққа деген сенімдерін жоғалтпауға, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

8 | КЕЗДЕСУ



17.05.2023ж. Колледжде Наркобекет жетекшісінің ұйымдастырумен Бүкіл дүниежүзілік темекісіз күніне орай, "Спорт-темекіге балама" атты кездесу ұйымдастырылды, 105М-9/22 топ студенттері қамтылды. Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының дәрігер-наркологы И.З.Исажханов дәріс оқыды. Дәріс барысында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарына толық жауап алды. Жауапты: наркобекет жетекшісі К.К.Жунисова.




24.05.2023 ж. Колледжде «Көп мәдениетті және көркем - эстетикалық бағыт» бойынша тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Біз жастарға сенеміз!» тақырыбындағы танымдық кездесуге №5 емхана Бас дәрігерінің «Мейіrbике ісі» жөніндегі орынбасары Е.А.Москаленко және Жамбыл облысы денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс маманы және мейіrbике ісіндегі үйлестірушісі Л.Т.Бокушева қонақта болды. Кездесу психологиялық тренингпен басталып, тақырыпқа байланысты презентация және бейнефильммен жалғасты, дәріс оқылды. Жауапты: әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаева, мед.пункт фельдшері Н.Д.Сейдалиева.

9 | КОЛЛЕДЖДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР



18.05.2023 ж. Колледжде «Жыныстық тәрбие. Жыныстық жолмен жұғатын аурулар мен АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Семинар-тренинг мақсаты: жыныстық тәрбиенің маңызын түсіндіру. Жасөспірімдердің өзінің әрбір іс-әрекетіне әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру. Студенттердің өзінің және өзгенің денсаулығына деген дұрыс қатынасын қалыптастыру. Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу жолдарын үйрету. «Есею» ұғымының мағынасын дұрыс түсіндіру, АИТВ/ЖИТС-ның профилактикасымен таныстыру.



19.05.2023ж. №2 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушылары А.А.Айтжанова, И.Ш.Сапарова «Сыбайлас жемқорлықпен күрес-баянды болашақтың кепілі» тақырыбында 136,139,216,143 топтармен дәріс өтті. Дәрістің мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі ұғымдары мен құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептердің алдын алу.